

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ МЕМЛЕКЕТІНДЕГІ ЫРЫМ-ТҢЙЫМДАР

Уязбаева Дана Дүйсенбекқызы

donnauyazbaeva@gmail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің шетел филологиясы: қытай тілі мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Тойбол

Әр мемлекетте әртүрлі ырым мен тыйымдардың болатыны білеміз. Сан ғасырлар бойы, мекен еткен қазақ халқының ырымдар мен тыйымдарының орны бір бөлек. Қазақ халқымен ғасырлар бойы жасап келе жатқан ырым-тыйымдар жүйесі халқымыздың өмірінде, салт-санасында, әдет-ғұрпында, тұрмыс-тіршілігінде кеңінен көрініс тапқаны белгілі. Ырым-тыйым арқылы бала тәрбиелеу, жат әдеттерден тыю, туындауы мүмкін қауіп-қатерлерді ескерту және т.б. нәрселер ұлтымыздың рухани кеңістігінде әлі күнге дейін сақталып келе жатқан тарихи, этномәдени, әлеуметтік мәні терең дүние. Кейбір ырым-тыйымдар бағзы замандардағы шамандық, тәңірлік наным-сенімдердің сипаты, белгісі ретінде де көрініс беріп жатады. Қалай дегенмен, ырым-тыйымдарды халқымыздың ұлттық болмысынан бөле-жара қарауға болмайды. Ендігі кезекте, халқымыздың дәстүрлі ырымдарының арасында жас балаларға арналған немесе балаларды тәрбиелеуге байланысты кездесетін ырым-тыйымдар қатары мол. Енді соларға тоқталайық.

Үйге кіріп келе жатқан бала құлап қалса – үйге береке, ырыс келеді. Бала жол қараса – қонақ келеді. Бала тілін шығарса – хабар келеді. Баланың желкесі терең шұқыр болса – қырсық болады. Сәби шалқасынан жатып ұйықтаса – елге белгілі азамат болып өседі. Бүк түсіп жатса – уайымшыл, жігерсіз болады. Етпетінен жатып ұйықтаса – ойшыл болады. Аяқ-қолын еркін созып ұйықтаса – батыр, кемеңгер болады. Баланы қырқынан шығарып ит көйлегін ауыстырғанда оны бойына бала бітпей жүрген әйелдер арнайы сұрап алатын ырым бар. Оларға баланың анасы ит көйлекті бүтіндей бере салмай, жыртып береді. Баланың тісі түскенде оны кесек ет, май немесе бауырсаққа қосып, тісі иттің тісіндей өткір, мықты болсын деп итке асатады. Сонымен қатар көктей болып өссін деп түскен тісті жеміс ағашының түбіне көмеді, таудай болсын деп тауға қарата лақтырады. Бала тісі періште бұйымы ретінде есіктен кіретін түрлі пәле-жала, қаскөй күштерден қағып тұрады делініп, есік жақтауы арасына да қыстырылады. Бала еңбектей бастағанда бауырын жерден тез көтерсін деп бауырынан табақ өткізетін ырым бар. Тәй-тәй басып апыл-тапыл қадамдар

жасай бастағанда жүйрік болсын деп бұтының арасынан сирақ асып өткізетін ырым да болған. Жас балаға бұғана ұстатпайды, онда бойы өспей қалады деп ырымдайды. Батырдың, ақынның, шебердің, палуанның сарқытын жегізсе немесе олар сәбидің аузына түкірсе, олардың жақсы қасиеті мен өнері балаға қонады деген ырым бар. Біреу әңгіме айтып отырғанда сәби түшкіріп қалса, шын айтқаны деп ырымдайды. Аты сүріншек болады деп балаға төстің сүріншегін жегізбейді. Егер бір үйде қыз туа берсе, келесі баланы ұл болсын деп ырымдап, оған ұлдың атын қояды. Жиенді ұрса, қолы қалтырайды деген ырым бар. Үйдің өз сәбиі үйге «ассалаумағалейкүм» деп кірсе, ол үйге көп кешікпей қонақ келеді. Сәбиқолындағызаттарын «шашу» депшашса, олүйде той болады.

Осы секілді ырымдардың, көрші жатқан Қытай елінде де бар. Сол туралы тоқталсақ, негізгі мақаланың басты мақсаты қытай және қазақ халқындағы ырымдардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін салыстыра зерттеу болып табылады. Міне, көптеген деректерге негіз еттім. Ұқсас ырымдар: Отқа түкірме – сол үйдің оты сөнсін, иесіз қалсын деген мағынада жаман ырымға жориды. Бала босағадан кіріп келе жатып, сүрініп кетсе, «олжа келді, олжа келді, олжасын көтере алмай келе жатыр, төрге аунат, олжа төрге жұқсын» деп ырымдап, үлкендер баланы төргеа парып аунатады. Бұл ырымның маңыздылығы — баланы періштеге санайтын дәстүрлі таным бойынша үйге баламен бірге құт кірді деген наным қалыптасып, құтты төрге, яғни үйге орнықтыру мақсаты көзделуінде. Қандай да бір істің орындалар-орындалмасын білу үшін балаға «аяғынды көтерші» деп сұрайды. Бала айтқан бойда өзінше гуілдеп, күліп, оң аяғын көтере қалса, өтінуші тілегім орындалатын болды деп қуанады, ісім оңынан, асығым алшысынан түсетін болды деп ырымдайды. Бала еңбектей бастағанда бауырын жерден тез көтерсін деп бауырынан табақ өткізетін ырым бар. Тәй-тәй басып апыл-тапыл қадамдар жасай бастағанда жүйрік болсын деп бұтының арасынан сирақ асып өткізетін ырым да болған.

Қытай халқында да көптеген ырымдары бар, ежелгі Қытай елінде «сандар сиқырлығына» үлкен мән берген. Әрине, қарапайым қытайлық ежелгі сиқыршылықтың мәні туралы аз біледі, «сәтті» және «сәтсіз» сандардың рөлі маңызды, сонымен қатар іскерлік ортадағы рөлі де үлкен. Негізінен, жұп сандардың рөлі тақ сандардың рөліне қарағанда басымырақ болған. Сандарының кез келгенінің қытайлар үшін мәнмағынасы бар. Мағынасы жоқ сандар болмайды. Сәтті сан болып «8» саны есептеледі. Қытайша сегіз дыбысталуы жағынан байлық, гүлдену сөзіне сәйкес келеді. Бейжіңдегі олимпиаданың 2008 жылы 8 тамызда 8 сағат 8 минутта басталғаны кездейсоқтық емес. Сегіз саны дәстүрлі және қазіргі заман кәсіпкерлігінің ең маңызды нышандарының бірі. Егер сіз қытайлыққа сегізі күні сағат 20.00- де келісімшартқа қол қоюды ұсынсаңыз, қытайлықтар сіздің Қытай мәдениеті жөніндегі біліміңізді жоғары бағалайды. Қытайдан кеңсе ашсаңыз, онда сіздің телефон нөміріңіздің сегіздіктері барынша көп болғаны жөн. Сәтсіз сан болып «4» саны есептеледі. Ең бастысы 4 немесе 44,14,40 және осы сандардың туындыларынан аулақ болған дұрыс. Қытайда «4» және «өлім» сөздерінің дыбысталуы бірдей болғандықтан, бұл өте жаман белгі болып есептеледі Қытайда төрт саны кездесетін көлік нөмірлерін, үй нөмірлерін, телефон нөмірлерін ұнатпайды. Тіпті, кейбір атақты қонақүйлерде 4, 14 нөмірлі қабаттар жоқ. 4, 14, немесе 24-күні келісім шартқа отырмаған жөн, әсіресе, сәуірдің (4-ай) 24- күні. Қытайға өз өніміміздің 4-нұсқасын жібермеңіз, 3-нұсқа оның артынан 5-нұсқасын жібергеніңіз жөн. Қытайлық әріптесіңізге ынтымақтастықтың 4 жобасын немесе 4 бөлімнен тұратын келісімшарт ұсынбаңыз.

Осыншама ырымдардың, қазақ халқында да, бар екенін білеміз. Ендігі кезекте, қазақта «үш» – өте қасиетті сан, бұл санның ерекше саналуы көнеден келе жатыр. Бұл сан халқымыздың ұлттық болмысына, санасына, салт-дәстүріне әбден сіңіп кеткен. Қазақ халқында да қасиетті деп саналатын сандар қатарына «үш», «төрт», «бес», «жеті», «тоғыз», «он үш», «қырықты» жатқызып жүрміз, тіпті «бір» санын да осы қатарға енгізіп жүргендер бар. Бұл сандардың «қасиетін» білмейтін адам жоқ шығар. Кездейсоқ құлап, сүрініп қалсақ, әжелеріміздің жерге үш рет ұшықтап, садақаға жеті теңге лақтырып жататыны бала кезімізден бәрімізге белгілі жайт. Ал жұма сайын пісірілетін тоғыз шелпек өз алдына бір

бөлек. Нәрестені “қырық қасық суға шомылдыру”, “қызға қырық үйден тыю” сияқты тіркестердің мағынасы мүлдем әр басқа, бірақ қолданылып тұрған сан есім бірдей. Осыншама көптеген, ырымдар мен тыйымдарды білу арқылы, наным-сенімдерінде білдім.

Қытайдың наным – сенімдерінің қоғамдағы рөлі және олардың маңызы. Қытайдың үйінде қонақта болған шетел адамы, үй қожайының үйіндегі әр түрлі символдық мәні бар заттардың көп екенін байқайды. Ол жібек жіптен тоқылған немесе фарфордан жасалған, әлде ағаштан ойылып жасалған балықтың бейнесі болуы мүмкін. Ол бақыт, байлық, жеңіс жіне тағы да басқа мағынаны білдіретін әр түрлі иероглифтер, не болмаса құдайлар мүсіндері болуы мүмкін. Бір классиктің айтуы бойынша, бұл өмірдегі барлық заттардың себебі бар. Тіпті бүгінгі күні біздің де күнделікті қоданысымызға енген әр түрлі қытайлық бақыт, байлық, жақсылық шақыратын тұмарлары да ерекше емес. Қытайлықтардың әрбір дүкендерінің немесе мейрамханаларының ішінде оңтүстік шығыс жағында байлық құдайының бейнесі бар не сурет тұрады. Егер олай болмаса, қызыл жіппен байланаған үлкен тиындар міндетті түрде кездеседі. Бұның бәрі қожайының жағдайын жақсартатын жағдайлар. Мейрамхананың дәрежесіне сай әртүрлі, тұмарлар тағылуы мүмкін, не арзан немесе қымбат, бірақ міндетті түрде ондай тұмарлар тағылады. Кейде көптеген пікірлерге қарасақ қытайлар ақша мен байлыққа табынады дегендерді көп естиміз. Негізіне келгенде мүлде олай емес, себебі байлық пен ақшаға табыну көптеген халықтардың ортақ феодалдық мәдениеттің бір бөлігі сияқты, тіпті қазіргі күнге дейін басқа мәдениеттің дәстүрлерімен қатар өмір сүріп келеді.

Осындай әртүрлі сенімдердің қазақ халқында да бар екенін білеміз және күнделікті өмірде де көріп жүрміз. Қазақтардың діни наным-сенімдері – мұсылман-суниттер. Исламға дейінгі кезеңде Қазақстанның аумағында Тәңірге – Мәңгі Көкке табынушылық басым болатын. Тәңіршілдік адамзаттың еделгі монотеистік діндерінің бірі болып табылады. Тәңіршілдіктің көптеген белгілері ежелгі шығыстық табынушылықтармен туыстыққа меңзейді. Тәңірге табынушылық қандай да бір ережелер жинағын қалдырмаған (мысалы, иудейлердің «Ветхий Заветі», христиандардың «Новый Заветі», мұсылмандардың «Құраны» және т.б. сияқты). Жалғыз жазбаша дерек Ұлы Түрік қағанаты кезеңіндегі (V—VIII ғғ.) тастарға руналық жазбамен жазылған батырлық поэмалар-эпитафиялар болып табылады XIV ғасырда, Алтын ордалық Өзбек ханның тұсында ислам империяның мемлекеттік дініне айналды. Соған қарамастан, XIX ғасырдың ортасында Ш. Уәлиханов исламның таралуын және кейбір аймақтардың әлі де тәңіршілдік дәстүрлерді ұстанатындығы жөнінде жазған. Кеңес уақытында исламның қажеттілігі әлсірей түседі. Тәуелсіздік алғаннан кейін ислам діні Қазақстанда мемлекеттің қолдауына ие бола бастады. Сонымен қатар дінді секуляризациялау мемлекет идеологиясының бір бөлігі болып табылады. Исламдық дәстүрлермен қатар қазақ халқының тұрмысында қазақтардың этносанасы мен менталитетіне ықпал ететін жекелеген ежелгі тәңіршілдік әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері орын алған: ата-бабалар әруағына, отқа, күнге, жұлдыздарға, көкке және т.б. табыну. Қазақтар номадтық және діни дәстүрлердің ықпалымен дінге ерікті болып табылады. Жоғары да, атап айтқандай үйге немесе мейрамханаларға әртүрлі әдемі, өзіндік заттарын ілген қытай халқы секілді, біздің халқымызда да, көптеген заттарды іліп, қасиет тұтатын заттар бар. Құран – Мұхаммед пайғамбарымызға түскен қасиетті кітап. Сол секілді хадистер мен діни шарият жинақтары да киелі саналады. Мұндай кітаптар таза қолмен ұсталып, аяқ асты етілмейді. Дастарқан – тағам байлығы мен берекесінің нышаны. Кезінде жомарттар мен мырзалардың, қолы берекелі әйелдердің аттары дастарқанмен шығатын болған. "Абай жолындағы" Бөжей асын еске түсіріп көрсеңіз болады. Қазақ дастарқанды аттауға, дастарқан басында әдепсіз сөз айтуға тыйым салады. Қара қазан – тоқтық пен мырзалықтың айғағы, сонымен бірге ол мол ас пен адалдық асының бірлігі ретінде бағаланады. От орны – ықылым замандарда киіз үйдің ортасына ошақ құрылып, қазан асылатын болған. Халқымыз от орнын аттамауға тырысқан екен. Төр – әр үйдің қонақ отыратын жоғары әрі құрметті орны. Үйге келген сыйлы адамға "Төрге шығыңыз" деген ілтипат білдіріледі. Осындай дүниелердің ұқсастықтарын қарап отырып, бір ұлт болмасақта, ерекше әсер қалдырып кететіні сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы: Ана тілі, 2000.
2. «Ақ желкен» журналы, 1992.
3. Глейзер Г.И. Математика тарихы
- 4.<https://massaget.kz/layfstayl/alemтанu/Qazaqstanym/17028/>
- 5.https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B_%D1%85%D0%B0%D0%BB%D2%9B%D1%8B%D0%BD%D1%8B%D2%A3_%D1%82%D2%B1%D1%80%D0%BC%D1%8B%D1%81%D1%8B